

Әсілінде ділмар халқымыз сөз өнерінде ерекше бір құдіретті қасиет барын әу баста-ак аса бір сұңғылалықпен аңдай алғаннан болар, бүкіл бітім-болмысын, мақсат-мұратын, асқақ арманын шешен сөз, өлең-жырмен суарған. Көңілінің биік төрінен мықтап орын тепкен тіл өнеріне жарық дүниеде жаралғаннан бері барынша ынта-ықылас-ілтипатымен қалтқысыз адал қызмет етіп, сөздің ажарлысы мен реңдісін, үздігі мен үлгілісін, келістісі мен керімдісін, айшықтысы мен нақыштысын, төресі мен сересін айнымай танып, қызыл тілдің сиқырлы құдіретін еріксіз мойындап, оны “өнер алдыға” балаған. Иінін тапсаң иіле беретін буынсыз тілден туған сөз әшекейі шынымен де көркем қазақтың. Бір сөзге сүйсінсе астындағы атын түсіп беруге дайын бабаларымыз тізілген сөз тізбектерін тегін құраған емес, жүрек тебіrentіп, табиғи толғаныстан, қажеттілікпен ғана сөз туындатқан.

Ұлттық шешендік өнеріміз бейне бір бастауынан сылдырай жөнеген мөп-мөлдір бұла бұлақтардың біріне-бірі құйыла келе, бұлкі акқан жылға-жылғаға айналып, бірте-бірте кенересінен тасып аққан ағынды, арынды өзен арнасын құрайтынындай, өзінің пайда болған күнінен бастап, үздіксіз толысу, даму үстінде болды. Бірте-бірте ерен де кемел өнерге айналды. Бір сөзбен айтқанда, есте жоқ ескі замандардан бері өзінің қоғамдағы, адам өміріндегі қажетті тиесілі орынды даусыз иеленді.

Көне көз кәрі тарихтың ілкідегі ірі тұлғалары Анақарыс, Күн билер далалық шешендіктің ірге тасын қаласа, әрқайсысы суырып салма сөз өнерінің қадау-қадау алтын дінгектері болған – түгел сөздің түбі бір, түп атасы Майқы би, Сыпыра, Кетбұғы сынды жыраулар төлтума ұлттық тілмарлықтың алдыңғы бастау-бұлақ көзін, таңғы шық тазалығындай тұма-тұнбасын ашты. Азуын айға білеген Төле, Қазыбек, Әйтеке билер қазақтың шешендік өнерін шырқау шынына шығарып, өздері шешендік көгінде жарқырай жарқыл атқан сәулелі жұлдыздарына айналды.

...Мәует танда тұн суығынан күн жылуына ұмтылған гүлге тән шешендік сөз құдіретінен жылу іздеген, сиқырлы сөздің парқын біліп, жасырын жатқан жарқылын көре алатын кер төбел ұрпағы да шешендік шеберлігінен сыбағасыз құр алақан қалған жоқ. “Жігітке айта білмек парыз деген, мойныңда жүрмесінші қарыз деген” (Нұржан ақын) дейтін түсінік әр кез үстем болды.

Сот риторикасына арналған бұл еңбекте отандық әдебиетте әлі сөз етілмей келе жатқан әлемдік риторика өнерінің ғасырлар бойындағы пайда болу, қалыптасу, даму кезеңдеріне, сондай-ақ қазақтың сот риторикасын құрайтын түп-негіздерге шолу жасалады. Бүгінгі күндегі қылмыстық сот ісін жүргізуге қажетті амал-әдістер, тілмарлық жолдары, сот сатыларындағы айыптаушының, қорғаушының, айыпталушының өзін-өзі қорғау сөздерінің негізгі құрама бөліктері, сөйлеудегі этика мәселелері, сөз сөйлеуге дайындық кезеңдері етене сөз болады. Сот риторикасының қазіргі нағыз иелері – сот процесінде даулы

істер түйінін тілмен шешетін, ірі ойлап, кесек сөйлеуді төл кәсіби қызметіне арқау еткен білікті судьялар, айыптаушылар мен қорғаушылар.

Еңбектің мақсаты – сот процесінде адам тағдырына тек қана заң баптарына сүйене отырып, кесімді билік айтар тұлғалардың кәсіби шеберліктерінің қырсырына үнілу. Шешендік өнердің өзге түрлерінен мағлұматтар алу. Сот риторикасын әлемештеп боямалау емес, бүгінгі күнге қажетті кәсіби қызмет хәм өнер ретіндегі табиғатын тану, ашу.

